биылғы салтанатты бітірушілер былтырғы жылы іске қосылған сәні мен сымбаты келіскен алаңда өткізбек. Екіншіден, биыл аталмыш мектепті толыққанды алғашқы қазақ сыныбы бітіріп шыққалы отыр. Үшіншіден, соңғы қоңырау салтанаты Астана қаласының 20 жылдық мерекесімен тұспа-тұс келіп тұр. Осындай үлкен маңызға ие соңғы қоңырау салтанаты 9-00 сағатта басталып кетті. Алаңды төрт бұрыш құра орналасқан қатысушылар бүгінгі салтанатты жиынға қатысатын құрметті қонақтарды қошеметпен күтіп алды. Жүргізушілердің жиынды ашық деп жариялауынан кейін Қазақстан Республикасының Гимні шырқалды. Бұдан кейін аталмыш салтанаттың себепкерлері 11-сынып түлектерін көпшілікке таныстырып, 9-сыныпқа дейін жетекшілік етіп, білімі мен тәрбиесін берген, мейірімін төккен Сейдолла Тынысұлы Таусоғаров пен бүгінгі бітіріп жатқан жетекшілері Жанар Жарылқасынқызы Былғарбектің бастауымен ортаға шақырды.

Құрметті қонақтар ретінде қатысқан – Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Шкарупа Анатолий Валерьевич, қала



әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева және қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымовалар арасынан алғашқы құттықтау сөз облыс әкімінің орынбасары А.В.Шкарупаға берілді. Мәртебелі мейман бітіруші түлектерге жүрекжарды тілегі мен лебізін білдіріп, салтанатты жиын

қатысушылары мен қала тұрғындарын бүгінгі есте қаларлық мерекемен құттықтады. Мектеп директоры Қарлығаш



Серікқызы Алтынбекова құттықтау сөзінде биылғы бітіруші шәкірттердің мектептің алғашқы қарлығаштары екенін, бұл сәттің түлектер есінде мәңгілік сақталарын айтып, олардың алдағы ересектік өмір өткелдерінде сәт

тапқатар орындады. Бітіруші түлектер де мектебіне, ұстаздарына арнаған жыр шашуларын оқып берді. Бұдан әрі

түлектер ортаға шығып мектептегі соңғы вальстерін биледі. Дәстүрге айналған соңғы қоңырау соғу рәсімі 9-сыныптың озат оқушысы Мекен Қадір мен 1-сыныптың оқушысы Әсел Мәкенге ұсынылды. Нағыз жүрек тебіренерлік сәт осы болатын. Он бір жыл бойы әр сабақ арасында есітіп үйреген күміс қоңырау үні бітірушілер үшін бүгін соңғы рет соғылып, сығырлап тұрды. Осы сәтте қимас қиялға берілген 17 түлек «...кетпестей үнің құлақтан!..» деп іштей ойлап тұрған болар?! Соңғы жылдары бітірушілер салтына енген «Арман шарын ұшыру» дәстүрінің алдында бітушілер арасынан бірнеше түлек қоштасу сәтіне арналған жыр шумақтарын толқыныспен оқып берді. Түлектер мен сынып жетекшілері қатар тұрып ұшырған «Арман шарлары» тұнық та, ашық аспан көгіне қарай самғап бара жатты. Салтанатты жиынға қатысқан әрбір көңілде: «Аңсаған армандарың орындалып, мына шарлар секілді биікте қалықтап, самғап ұша беріңдер!» деген ізгі ниет пен игі тілектер тұрғаны анық. Жас түлектердің мектеп бітіру құрметіне арналған салтанатты жиын жабық деп жарияланған соң, бітіруші түлектер соңғы дәрісіне қатысу үшін өздерінің сынып бөлмесіне қарай асықты...

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.
Суреттерде: соңғы қоңыраудан көріністер

МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕРДІҢ ҚОҢЫРАУЫ

Үстіміздегі жылдың 25 мамыры күні қаламыздағы №1 жалпы-білімдік мектепте соңғы қоңырау мерекесі өткізілді. Мектептің ауласына жиналған ата-аналар мен мектеп оқушыларымен қоса мерекеге Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Шкарупа Анатолий Валерьевич,



қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы



және қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымовалар қатысты.

Алдымен қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы сөз алып, жиналған қауымды мерекемен құттықтап, мектеп бітіруші жас түлектерге үлкен өмірде табыстар тілеп, игі ниетін білдірді. Одан соң оқу үздіктері мен оқушы-спортшыларды марапаттау рәсімі өткізілді.

Келесі кезекте 1-сынып оқушылары

СОҢҒЫ

жас түлектерге арнап тапқатарын оқыса, жоғарғы сынып оқушылары әннен шашу шашты. Мектеп бітірушілер ұстаздарына деген жыр жолдарын арнап, вальс биін орындады.

Мерекенің соңы соңғы қоңыраудың



сыңғырлаған үніне ұласып, жас түлектер қимастықпен қоштасып, мектеп ауласынан шығып бара жатты... Бізде оларға: «Жолдарың болсын, үлкен өмірде қанаттарың талмасын!» - деген тілегімізді іштей арнап тұрдық.

Б. Алшынбекұлы.
Суреттерді түсірген автор

БАСТАМА СЕРПІН БЕРЕДІ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі – Қазақстанның келешегін қамтамасыз етуге бағытталған нақты іс-шаралар жоспары, мемлекеттің әлеуметтің әлеуетін арттыруға арналған тың қадамдары деп сеніммен айта аламыз. Мемлекет басшысының үндеуіндегі бастамалар отандастарымыздың әлауқатын, тұрмыс деңгейін, зияткерлік сапасын жоғарылатуды һәм жақсартуды көздейді. Әсіресе, Президент баспана,

салық және білім жағынан жан-жақты қолдау көрсетуге жете мән беріп отыр. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының егемендіктің елең-алаң шағындағы ауыр кезеңдерде қиыншылықтан шығудың жолдарын ұсынып, ширек ғасырдан астам ғана уақыт аралығында Қазақстанды әлемнің беделді мемлекеттерінің санатына қосып, ел азаматтарының баянды болашағы жолындағы атқарылуы тиіс орасан істердің жауапкершілігін өз мойнына алатындығын ерекше атап өткен жөн. Қазақ әлеуметінің қалауы не? - деген сауалға кез-келген тыныштықты қалайтын санасы сау адам «Бейбітшілік» деп жауап берері анық. Бұл жағынан алғанда еліміздегі бейбіт өмір кейбір елдерге қарағанда «шүкірлік» деп айтуға тұрарлық.

Президенттің үндеуін зер салып қарап

оқып отырсаңыз, кемел келешек жолында атқарылуы тиіс ауқымды істердің айқын дәлелі іспеттес. Бес әлеуметтік бастамадағы «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру», «Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту», «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту», «Шағын несие беруді көбейту» және «Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру» сынды басымдықтар экономикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жағынан да соны серпін береді.

Дамудың даңғыл жолына бағыт алған болашағы баянды елдің өрісі қашанда білікті де саналы ұрпағымен кеңейетіндігі, оларды мемлекеттің тұтқасы етіп тәрбиелеу қажеттігі Елбасының халыққа арнаған Жолдауына үнемі айтылып келеді. Ал, оны



іске асыру мұғалімге жүктелген мәртебелі міндет. Сөз соңында Мемлекет басшысының үндеуінде атап көрсетілген бастамалар елімізде азаматтардың болашағына деген қамқорлықтың нақты іс жүзінде орындалатындығының нақты нышаны деп сеніммен айтуға болады. Бұл игілікті бастамаға қазақстандықтармен қатар өзіміз өмір сүріп жатқан Приозерск қаласының тұрғындары мен азаматтары да үн қосып, тиянақты іс-әрекетімен үлес қосса екен деп ойлаймыз.

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА

5 СОЦИАЛЬНЫХ ИНИЦИАТИВ ПРЕЗИДЕНТА РК

- Жилье для каждой семьи**
 - Ставка вознаграждения по кредиту - не более 7% в год
 - Первоначальный взнос - 20%
 - Срок кредита - до 25 лет
- Снижение налоговой нагрузки**

С 1 января 2019 года снизить в 10 раз - до 1%
- Повышение доступности и качества высшего образования**

в 2018-19 учебном году выделить дополнительно 20 тысяч грантов

Из них 11 тысяч - на обучение бакалавров по техническим специальностям

До конца 2022 года обеспечить строительство новых студенческих общежитий не менее чем на 75 тысяч мест
- Расширение микрокредитования**

в 2018 году выделить дополнительно 20 млрд тенге, доведя общую сумму микрокредитования до 62 млрд тенге
- Газификация страны**

Строительство магистрального газопровода по маршруту Караозек - Жезказган - Караганда - Тимиртау - Астана

В Астане перевод на газ снизит вредные выбросы в атмосферу в 6 раз или на 35 тысяч тонн в год

5 СОЦИАЛЬНЫХ ИНИЦИАТИВ ПРЕЗИДЕНТА

2-я инициатива

Снижение налоговой нагрузки для повышения заработных плат низкооплачиваемых работников

Ключевые задачи:

- Поддержка работающих казахстанцев с низким размером заработной платы
- С 1 января 2019 года снижение налоговой нагрузки в 10 раз - до 1% для тех, чей месячный доход не превышает 25 МРП
- Направление высвобождаемых средств на увеличение оплаты труда выбранной группы населения

Механизмы реализации:

- Определение порядка обложения ИПН работников с низким размером оплаты
- Разработка поправок в налоговое законодательство в части снижения размера ИПН для таких работников
- Изучение возможности внедрения прогрессивной шкалы ИПН
- Внедрение нового механизма с 1 января 2019 года

Более чем у 2 млн человек вырастет заработная плата без увеличения нагрузки на работодателей

ИНФОГРАФИКА *** РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ *** ИНФОГРАФИКА

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТАЯУ ЖЫЛДАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЛАТЫН ӘЛПІБІНЕ КӨШІРУ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ» ЖОБАСЫ

«Мәдени - географиялық белдеудің» ролі мен оған енетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу - ағарту дайындығын жүргізу қажет.

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІРГІДЕП ЛАТЫН ӘЛПІБІНЕ КӨШІРУ ЖҰМЫСТАРЫН БАСТАУЫМЫЗ КЕРЕК. 2025 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ІС ҚАҒАЗДАРЫН МЕРЗІМДІ БАСПАСАЗДЫ, ОҚУЛЫҚТАРДЫ, БІРІН ДЕ ЛАТЫН ӘЛПІБІМЕН БАСЫП ШЫҒАРА БАСТАУҒА ТИІСПІЗ.

«ЖАНАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ

Отандық мәдениет БҰҰ - ның алты тілі - ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт.

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БОЙЫНША «ЖАНА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕП 190 ЖАНА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫ

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 100 ЖАНА ЕСІМ» ЖОБАСЫ - ТӨУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ТАБЫСҚА ЖЕТКЕН, ЕЛІМІЗДІҢ ӨР ӨНІРІНДЕ ТУРАТЫН ТҮРЛІ ЖАСТАҒЫ, САН АЛУАН ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ

Біз алдығы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің берік бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

«ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ


Білім беру саласында ауқымды елге таныту жұмыстарын жүргізуді, әсіресе, оны жақсартуға және елді мәдениетімізді абырғандықпен баспа мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи өскерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

Заманауи қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту, ақпараттық құрдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру.

6 концептуальних направлений модернизации программы «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

- Конкурентоспособность
- Прагматизм
- Сохранение национальной идентичности
- Культ знания
- Эволюционное, а не революционное развитие Казахстана
- Открытость сознания

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



«ҮРКЕР» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫ НАЦИОНАЛЬНАЯ ПРЕМИЯ «ҮРКЕР»



2018 жылғы 28 маусымда Астана қаласында баспасөз, радио, интернет-журналистика саласындағы «Үркер» Ұлттық сыйлығын (бұдан әрі - Сыйлық) марапаттау рәсімі өтеді.

паттау рәсімі өтеді.

Сыйлықтың мақсаты – талантты журналистер мен шығармашылық ұжымдарды анықтау, олардың кәсіби журналистиканы дамытуға қосқан үлестеріне құрмет көрсету және олардың шығармашылығына қоғам назарын аудару.

Ұлттық сыйлық баспа, радио, интернет-журналистика саласындағы үздік жетістіктері үшін беріледі және журналистиканы дамытуға, имиджін көтеруге, оның кәсіби стандарттары мен критерийлерін бекітуге, азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ, аймақтық БАҚ дамуына ықпалын тигізеді. 12 номинацияның ішінен аймақтық БАҚ үшін екі арнайы номинация («Үздік аймақтық радиостанция» және «Үздік аймақтық баспасөз басылымы»)

бекітілген.

Бүгінгі таңда Сыйлыққа қатысу үшін www.El.kz сайтында өтініштер қабылдануда және қабылдау мерзімі 10 маусымға дейін жалғасады. Әр номинация бойынша лауреатқа 1 миллион теңге мен дәстүрлі естелік мүсінше беріледі. 2017 жыл ішінде жарияланған немесе эфирге шыққан материалдары бар журналистер мен баспасөз басылымдарының редакциялары, интернет-БАҚ пен радиостанциялар қатыса алады.

Сыйлық парақшасының сілтемесі бар баннерді ведомствоның ресми сайтында орналастыруға ықпал етуіңізді сұраймыз.

Барлық қажетті материалдарды алу үшін <https://cloud.mail.ru/public/McRb/6nXLL42vn> сілтемесі арқылы алуға болады.

Қосымша ақпаратты 8(7172) 79-82-15 телефоны арқылы алуға болады және Сыйлық туралы толық ақпараты www.El.kz ресми сайтында жарияланған.

Қазақстан Республикасы
ақпарат және коммуникациялар
Министрлігі

«Ақпарат Комитеті»
республикалық мемлекеттік
мекемесі

28 июня 2018 года состоится присуждение Национальной премии в области печатной, радио, интернет-журналистики «Уркер».

Национальная премия направлена на способствование развитию мультимедийной журналистики в регионах, повышению престижа журналистики, утверждение профессиональных стандартов и критериев, увеличению гражданской активности. Цель конкурса – выявление талантливых журналистов и творческих коллективов, признание их вклада в развитие профессиональной журналистики, и привлечение к их творчеству широкого общественного внимания по итогам 2017 года.

В нынешнем году к традиционным номинациям добавлена одна экспериментальная номинация «Лучший вайн», которую выбрали пользователи, посредством голосования. Более того, в честь юбилея столицы учреждена специальная номинация за самый лучший материал, посвященный 20-летию

Астаны.

Применяется с 10 мая по 10 июня по 14 номинациям.

В каждой номинации лауреату присуждается по 1 000 000 тенге и традиционная памятная статуэтка.

Принять участие могут журналисты и редакции печатных изданий, интернет - СМИ и радиостанции с материалами, опубликованными и вышедшими в эфир в течение 2017 года.

Подробнее: <http://el.kz/ru/urker-2018>.

Министерство информации и коммуникации Республики Казахстан

Республиканское государственное
Управление
«Информационный комитет»

ОТЗЫВЫ К ПОСЛАНИЮ *** ОТЗЫВЫ К ПОСЛАНИЮ *** ОТЗЫВЫ К ПОСЛАНИЮ

Ежегодное Послание Президента РК народу Казахстана – одно из самых значимых политических событий страны. В сложившихся условиях продолжающегося глобального экономического кризиса данное Послание особенно своевременно и актуально.

Каждое новое обращение Президента страны своему народу ожидаемо и давно уже стало этапным рубежом развития нашего государства и стратегически важным документом. Нынешнее Послание посвящено

развитию страны в условиях четвертой промышленной революции. В нем Главой государства определены 10 основных задач, которые предстоит нам всем реализовать. «Глобальные технологические сдвиги несут в себе как вызовы, так и новые возможности роста. Это наш исторический шанс для ускоренного вхождения в число 30-ти наиболее развитых стран мира», — сказал Президент, отмечая, что современные технологии меняют мир.

Данная программа конкретных практических дел, несомненно, касается всех

казахстанцев, и, в первую очередь, нас, педагогов — передовой части интеллигенции.

Большой интерес у нас вызвал седьмой приоритет – обеспечение нового качества человеческого капитала. Глава государства выстраивает целостную политику, направленную на повышение человеческого капитала страны через развитие сферы образования. В Послании отмечено, что все уровни системы образования должны отвечать современным реалиям и потребностям экономики и особое внимание уделяется

необходимости повышения престижа профессии учителя.

Безусловно, Послание Президента определяет для всех нас и для страны в целом новые пути и возможности преодоления глобальных вызовов. И у нас нет никаких сомнений в том, что под руководством нашего Елбасы будут успешно реализованы все приоритетные задачи развития страны на предстоящие годы!

Л.А. Саинова,
директор филиала
АО НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г.Астана

ОБ ОЦЕНОЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Законы Республики Казахстан «Об оценочной деятельности в Республике Казахстан» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам оценочной деятельности» (далее – Закон) подписаны Главой государства Республики Казахстан 10 января т.г.

Данные Законы вводятся в действие по истечении шести месяцев после дня его первого официального опубликования, за исключением подпункта 3) статьи 30 настоящего Закона, который вводится в действие по истечении трех месяцев после дня его первого официального опубликования (13 июля т.г.).

Следует отметить, что в рамках введения саморегулирования в области оценочной деятельности Законом предусмотрены кардинальные изменения, а именно:

- передача государственных функций в сферу саморегулирования;
- множественность саморегулируемых организаций с исключением РПО и 16 палат оценщиков;
- определением количества членов палат оценщиков не менее триста (300) оценщиков-физических лиц;
- оценочная деятельность признана профессиональной;
- отмена лицензирования физических и юридических лиц с заменой на сертификацию оценщиков-физических лиц, осуществляемую палатами оценщиков.
- осуществление экспертизы отчетов об оценке экспертами палат оценщиков;
- альтернативный выбор имущественной ответственности при осуществлении оценочной деятельности в рамках Закона «О саморегулировании».

Консультация специалиста

тельным членством в палате оценщиков.

При этом, лица, претендующие на осуществление оценочной деятельности, квалификационные экзамены будут проходить в квалификационной комиссии палаты оценщиков, а не в Министерстве юстиции.

Проверки за соблюдением членами палаты оценщиков требований Закона, иных нормативных правовых актов, стандартов и правил палаты оценщиков, а также кодекса деловой и профессиональной этики оценщиков, условия членства в палате вправе осуществлять палаты оценщиков, членом которой являются оценщики, а не Министерством юстиции.

Кроме того обращаем внимание, что в рамках Закона функции по государственному регулированию оценочной деятельности переданы из Министерства юстиции в Министерство финансов.

Управление юстиции
города Приозерск

СОТ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДАҒЫ ЖЕТІ МІНДЕТ

Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асановтың бастамасымен сот жүйесін одан әрі дамыту мақсатында соттарға 7 міндет жүктелген, 7 үлкен жоба бойынша жұмыс істеу міндеттеледі. Атап айтқанда – бірінші міндет «Мінсіз судья», яғни әділ, адал, өз қызметіне шексіз берілген, білімді, қабілетті, судьялар корпусын қалыптастыру. Екінші міндет «Үлгі сот» мұнда жалпы сот жұмыстарының сапасын арттырып, соттарда тиімді қаржыландыру мәселелері. Үшінші міндет «Әділ процесс», яғни біркелкі сот практикасын қалыптастыру, сот процестерін азайту механизмдерін қарастыру. Төртінші міндет «Цифрлы Қазақстан

бағдарламасы бойынша соттардың технологиясын жетілдіруіне арналған «Е-сот» жобасы электронды сервистерді дамыту, ашықтық және жариялықты дамыту. Бесінші міндет «Оңтайлы орта» азаматтардың құқықтық сауаттарын қалыптастыру, сапалы заңгерлік қызметін көрсету, азаматтардың құқын шектейтін, әділетсіз заң нормаларын жою және құқық қорғау жүйесін одан әрі дамыту. Алтыншы міндет «Коммуникациялық стратегия», яғни соттардың БАҚ-пен байланысып жақсарту. Сапалы нәтиже бойынша, сот актілерінің сапасын арттырып, халыққа түсінікті болуы, сот актілерінің уақытында сапалы орын-

далуы, сонымен қатар сот шешімдерін сотқа қатысушыларға, қолданылған заңдар жөнінде сауатты, қарапайым тілмен түсіндіру. Жетінші міндет «Сотсыз татуласу орталығы» даулы мәселелерді шешуге бағытталған соттардың жанынан, дауласқан азаматтарға заң талаптарын түсіндіріп кеңес беретін, медиаторды таңдау, екі жақты татуласуға шақырып, бітімге келтіретін «соттың татуласу орталықтарын» құру.

Соттармен, судьялар-



«Тәртіпсіз ел болмас, тәртіпке бағынған құл болмас»
Бауыржан Момышұлы

ға жүктелген міндеттер жалпы сот жұмысын одан әрі дамытып, судьялардың өздеріне жүктелген міндеттерді терең сезіп, адам дағдырына аса жоғары жауаптылықпен қарап, әділ шешім қабылдауына ықпал етіп, қорыта айтқанда қарапайым халықтың сотқа деген сенімін қалыптастырады.

Б.А. Адепбеков,
сот төрағасы

БІЗ МЕКТЕПКЕ БАРАМЫЗ

Үстіміздегі жылдың мамыр айының 24 жұлдызы күні «Балақай» КМҚК-да ересек «Балдәурен» тобында «Біз мектепке барамыз» тақырыбы аясында ертеңгілік өткізілді. Аталмыш тақырыптағы ертеңгіліктің өткізудегі негізгі мақсат: Балаларға театрландырылған қызмет арқылы ән айтуды үйрету. Балалардың жыл бойы алған біліктерінің, ой-өрістерінің жемісін, өнерлерін ортаға сала отырып, балаларды үлкен өмірге қадам басуға даярлау.

Адамгершілікке, достыққа, бауырмалдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ертеңгілікті балалар «флешмоб» биін билеп, «Биыл күзде мектепке барамыз» әнімен ашты. Бөбекжай директоры Г.У.Толехановнаға құттықтау сөзі беріліп, ата-аналарға

алғыс хаттар берілді. Ата-аналарға алғысы ретінде, «Ата-ананды қалай елестетесін?» деген сұраққа балалардың өз ойларын видеоролик арқылы көрсетіліп, ата-аналарын қуантып тастады. Балалар, балабақша



туралы, балабақша қызметкерлеріне деген алғыс сөз ретінде, тақпақтарын айтып, «Тәрбиеші» әнін айтып, Түлкі, Минни Маус, Дымбілмес, Стефани кейіпкерлерімен бірге «Минни Маус» биін, «Жігіттер» биін билеп, «Цифрды тапта қатарға тұр», «Кім тапқыр» ойындары ойнатылып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Ертеңгіліктің соңында балалар коштасу вальсын билеп, ақ жол кілемшенің үстінен жүріп, шарларын ұшыру арқылы тілектерін білдірді.



Балабақшамен қоштасу

Г.Исиркова,
«Балақай» бөбекжайы» КМҚК
тәрбиешісі

ШАШЫ ҰЗЫН ҚЫЗ

Ұзын шаш – әр арудың арманы. Шаштың ұштануы, шыдамның жетпеуі шашы ұзын қызға айналуды мүмкіндік бермей жүретінін шашын ұзын етіп өсіруге әуестенетін қыз-келіншектерден есітіп қалып жатамыз. Шынында да бүгінгі заманда шаш өсіруге қандайда бір кедергілер бар ма? Әлде әлгіндей сөздер жай ғана сылтау ма? Әр нәрсеге мән беріп қараған ойлы халқымыз қашан да сұлулық көркі – шаш, шаштың көркі – шашбау, шаштеңге деп қараған. Өз анамның және көптеген ауыл әйел-қыздарының шаштарына шашбау тағып, сыңғырлатып жүретінін көргенде қызығып қарайтынбыз. Ұлт мәдениетінде әр бойжеткенді шашы мен түр-тұлғасына қарап бағалаған. Әйел шашы табиғатына қарай қолаң шаш, сүмбіл шаш деп, өріміне қарай жалғыз бұрым, қос бұрым деп бөлінетінін әжелердің айтуынан және көз жүгіртіп оқыған әдебиеттерден жақсы білеміз. Қазақ қоғамы атам заманнан бері әйел-қыздардың шашын ұзын етіп өсіргенін қатты қолдаған һәм бұны жаны нәзік тұлғаның әдемілігінің, сұлулығының нышаны ретінде бағалаған. Қыз баланың шашын қиюын жаман ырымға жорып, «Шашын қию – бақытын қию» деп түсінетініне өзіміз де куә болдық. Шашқа ұзын әрі алтын, күміс шолпы тағылған сұлу бұрым бойжеткен көркін одан әрі аша түседі. Ақындар оларға «Қолаң қара шашы бар жібек талды», «Сүмбіл шаш, пісте мұрын, лағыл иек, шынардай он саусағың құлжа күйек» дген секілді өлең-жырларын арнап, сұқтана да, таңдана да қараған. Шаш күтімі оны тарау және өсірумен шектелмейді. Өрудің өзі үлкен бір тәрбие мектебі десе де болады. «Ақ үйден бір қыз шықты көзі үлкен, шаштарын он күн тарап, бес күн өрген» делінген халық өлеңіндегі

ғажап сурет осының бір дәлелі. Бұған қарап әрбір әйел-қыз шашына аса мән берумен қатар оның күтіміне баса назар аударғанын бағамдаймыз. Шашқа қосатын, жалғайтын, кигізетін, тарайтын, жағатын, тағылымы зор тағымдар мен зергерлік әсем бұйымдар тағы бар. Шашқа тағатын және оның сәнін келтіріп, мәнін арттыратын сәндік бұйымдардың ішіндегі асылы мен артық саналатыны – шолпы. Шолпы сәндік үшін ғана емес, шашты өсіретін әрі ұзартатын болғасын тағылады, желді күні көтеріліп кетпес үшін де пайдаланылады. Әсем әрі сәнді шолпыларды қыздар мен келіншектер таққан, егде әйелдер тақпағанын білеміз. Осы секілді шашқа тікелей байланысты бұйымдардан пайдалану бүгінгі таңда өте кенжелеп қалғаны, тіпті қалмағаны қынжылтады әрине. Оған қоса шашты ұзын етіп қоятын қыздардың қатары да уақыт өткен сайын азайып келе жатырғанын мойындауымыз керек...

Қаламызда жыл сайын өтетін Наурыз мерекесі кезінде ұзын шашты қыздарға байқау енгізгені өте құптарлық шара деп ойлаймыз. Бұл қазақ қызына тән шаш өсіруді насихаттау һәм ару қыздарды қызықтыру, шаш өсіруге тарту деп білген дұрыс. Соңғы екі жылдағы аталмыш ұзын шашты қыз байқауында бас жүлдені бермеген Эльмира Жүзімова жайында мағлұматымыз аз болғасын, бұл ару жайлы жазудың реті келмей жүрген. Қаламыздағы шашы ұзын ару туралы мәлімет аяқ-астынан белгілі болып қалды. «Балбөбек» балалар бақшасының басшысы Гүлжан Рахаевамен әңгімелесу барысында аталған келіншектің өзінің балабақшасында тәрбиеші болып қызмет ететінін мақтанышпен айтып калғанда ғана онымен көрісіп, мақала жазуды мақсат етіп арнайы іздеп баруға жол

түсті.

Өзбекстан Республикасының Науаи облысы Кенімік ауданына қарасты Мамықшы ауылында дүниеге келген Эльмира Бердіқұлқызы есею шағын қаламызда өткізген. Отбасында үш қыз, екі ұл өсірген Бердіқұл мен Құрбангүл әсіресе осы қызына кішкене кезінен шашын кеспеуді, барынша өсіруді қатты тапсырып, қадағалапты. Қазақы ортада, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты қадірлейтін ауылда, үлкен кісілердің айтқанын тыңдап, сыйлай жүріп есін білген Эльмира ата-анасының айтқан ақылын алып, сөзін жерге тастамаған. Шашын қимамай өсіруден соншалықты қиындық немесе ауыртпалық көрмеген ол тобығына жақын жібектей шашын өзінің әдемілігінің бір нышаны ретінде бағалайды. Осынау ұзын шашының арқасында екі жыл қатарынан ұзын шашты ару байқауының бас жүлдесіне ие болып, қала тұрғындары арасында танымал болған.

Эльмира № 1 қазақ орта мектебін бітіргесін Қарағанды қаласындағы «Болашақ» университетінің мектепке дейінгі бала тәрбиесі факультетіне оқуға түсіп, жоғары білім алған. Көп балалы отбасында тәрбиеленгендіктен балаларды жақсы көретін Э.Жүзімова қазіргі кезде «Балбөбек» балалар бақшасының белді тәрбиешілерінің бірінен саналады. Үш жылдық қызметтік кезеңінде жұмысына деген тиянақтылығын танытып үлгеріпті. Ұжымы мен балабақша басшылығының, ата-аналардың алдында абырой-беделге ие. Өміржолдасы Ержан екеуі бүгінде Жанерке жән Жансая есімді өрімдей екі қыздарын өсіруде. Ол қыздарының да шашын ұзын етіп өсіруге пейілді екенін айтады. Өзі жетекшілік ететін «Еркетай» тобындағы қыз бүлдіршіндер апайларының тобық қаққан ұзын шашына таңдана да, қызыға қарайды

Ғұрпымызды қадірлейік!



екен. Қызметтік міндетіне аса жауапкершілікпен қарап, тапсырылған жұмысты тап-тұйнақтай етіп атқаратын еңбеккер Эльмираға балабақша басшысы Гүлжан Рахаеваның берген бағасы жоғары. Барлық мүмкіндік пен қолайлылықтар бар заманда құлқы бар қыздардың шаш өсіруіне ештеңе кедергі келтірмейтінін айтады Эльмира. Ең бастысы – қадым заманнан жалғасып келе жатқан апа-әжелеріміздің аса қастерлеген жақсы ғұрпымызды қадірлеп, қазақ аруына жарасқан шаш өсіруге болған шын ниет керек секілді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.
Суретте: Э. Жүзімова.
Суретті түсірген автор



ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107.

Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.

Выходной - Понедельник

На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-747-673-54-30

АНОНС

8 июня 2018 года с 14.30 часов в городе Приозерск в лечебно-оздоровительном комплексе «Балхаш» пройдет форум деловых женщин, посвященный 20-летию Астаны.

В форуме примут участие представители областного Совета деловых женщин при Палате предпринимателей области; Ассоциации деловых женщин области.

Основные вопросы форума:

- 1) как начать бизнес с нуля;
- 2) ведение бизнеса в кризис;
- 3) туризм и зеленая экономика;
- 4) актуальные бизнес-идеи XXI века.

На форум приглашаются женщины:

- 1) индивидуальные предприниматели;
- 2) самозанятые;
- 3) безработные;
- 4) внештатные сотрудники государственных организаций, учреждений;
- 5) гражданские служащие.

Общественное объединение
«ОРИОН-2017»

СКАНВОРД ШЕШЕЙІК!

							Аттың үстіндегі ұлттық ойын												
Светофор		Жердің ауа қабаты		Бер! (антоним)	Шипа		Жеміс		Бидайды ұсақтайтын құрал		Жеміс		Сүйек фото аппараты						
Қан сорғыш жәндік				Түс			...қол шапалақ!												
		Мен, Сен, ...		Бау-бақша	Түс		Кесене «Арыстан...»	Мақұлдау			Су алабы		Елтаңба (орысша)						
							Өсімдік		Үйді өктейтін зат	Ағаш кесетін құрал									
Ла..гүл			Футбол жанкүйері	Жабайы аң	«Сұлтан...» кино	Әйтеке...		Ата-...				Азия тауы							
		Әдебиет жанры	...-міне									...-бері	Кім?...						
Денеден тері арқылы шығатын су		Қыс көркі																	Мультфильм
	Таймасың досы	Тіпсіз жау																	
				Тым, аса	Түйе														
	Зем...суы			Ат әбзелі															
	Тарантул																		
	Сартайдың досы		Жыртқыш құс				Табан белгісі	Көкөніс											Кен
Жамандау					Тіс (орысша)							Қылшық		...дырду					
Дін басы		Көкөніс		Ыс	Жазу өнері	Үй жануары		Пар					...есен	Пана					
								Ғаламтор		Қосу...					Жұмыс Мезгіл				
		ма, ..., па, пе	Күйеунің анасы	Тамақ Ұят			Алатау												Қасиетті ай
	Ою	Үй жануары					Азия мемлекеті	Бір (ағылшынша)	Таңба		Есеп пәні	Тіс түрі				...жая			Кока... Ау



Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
 Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
 Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 22/562. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2,8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
 Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
 Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.